

Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1998 жылғы 10 желтоқсан N 1268 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.31. N 1158 қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағыныстағы мекемелері, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде осы Нұсқаулықты басшылыққа алсын.

3. "Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібін, Мемлекеттік сатып алу процесінде алынатын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді берушілерді анықтау жөніндегі конкурстық комиссия туралы ережені және конкурстық құжаттаманың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 ақпандағы N 141 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 7, 41-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 8 ж ы л ғ ы
1 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 2 6 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізудің тәртібі туралы осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда көрсетілген ұғымдар қолданылады.

3. Осы Нұсқаулық тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімін, тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді берушілерді анықтау жөнінде конкурстық комиссияларды ұйымдастыру тәртібін белгілейді және мемлекеттік сатып алу саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың, олардың ведомстволық бағыныстағы мекемелерінің, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыланатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сондай-ақ конкурстық комиссиялардың қызметін реттейді.

4. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта, мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Нұсқаулықта көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

5. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың алдында тапсырысшының басшысы мемлекеттік сатып алуды жүргізу жөнінде шешім қабылдайды, онымен :

бекітілген республикалық және жергілікті бюджеттердің көрсеткіштері негізінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің номенклатурасы мен көлемдерін, сондай-ақ сатып алуды қаржыландыру көлемін бекітеді;

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде жауапты лауазымды адамдарды тағайындайды;

Заңға және осы Нұсқаулыққа сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін таңдайды ;

осы Нұсқаулықпен белгіленген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін таңдау жөнінде шешімді уәкілетті органмен келіседі.

Уәкілетті орган бірнеше тапсырысшы үшін ортақ конкурсты ұйымдастырушыны белгілеген жағдайда, бұл тапсырысшылардың әрқайсысы ортақ конкурсты ұйымдастырушыға, ол белгілеген мерзімде, конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті ақпаратты, соның ішінде 1-қосымшаға сәйкес нысанда сатып алу жоспарын табыс етеді және бұл ақпараттағы өзгерістер туралы ортақ конкурсты ұйымдастырушыны дереу хабардар етеді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

6. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі тәсілі ашық конкурс болады .

Тапсырысшының, осы Нұсқаулықтың 7-тармағында айтылғандардан басқа жағдайларда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін таңдауы уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алуды баға ұсыныстарын сұрауды пайдалана отырып өнім

берушіні таңдап алу тәсілімен жүзеге асырған кезде тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің біртекті түрлерін сатып алудың қаржылық жыл ішіндегі жылдық көлемін, олардың тым болмағанда біреуінің мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарымен тиісті қаржылық жылдың бірінші тоқсанына белгіленген, айлық есепті көрсеткіштің мың есе мөлшерінен аз бөлшектерге бөлшектеуге жол берілмейді.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

7. Тапсырысшы сатып алуы тәсілін таңдауды мынадай жағдайларда уәкілетті органмен келісуге тиісті емес:

мемлекеттік сатып алуды ашық бір кезеңді конкурс тәсілімен жүзеге асырған кезде;

мемлекеттік сатып алуды баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау тәсілімен жүзеге асырған кезде;

табиғи монополиялар субъектілерінен бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде;

жабық конкурс тәсілімен және табиғи монополиялар субъектілеріне жатпайтын өнім берушілерден бір көзден сатып алу тәсілімен тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің біртекті түрлерін Қазақстан Республикасының заңдарымен тиісті қаржылық жылдың бірінші тоқсанына белгіленген, айлық есепті көрсеткіштің екі мың есе мөлшерінен кем сомаға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде.

8. Тапсырысшы немесе тапсырысшының атынан басқа мемлекеттік орган конкурсты ұйымдастырушы болады. Егер, бірнеше тапсырысшы тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің біртекті түрлері бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырмақшы болған жағдайда, уәкілетті органның тапсыруымен басқа мемлекеттік орган конкурсты ұйымдастырушы бола алады.

9. Егер біртекті тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алудың көлемі Қазақстан Республикасының заңдарымен тиісті қаржылық жылдың бірінші тоқсанына белгіленген, айлық есепті көрсеткіштің бес мың есе мөлшерінен аспайтын болса, онда конкурсты ұйымдастырушы ретінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері мен ұйымдары шыға алады.

Басқа жағдайда өздерінің ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелері үшін орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өздері конкурсты ұйымдастырушы болады.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

2-тарау. Конкурстық комиссияны ұйымдастырудың және оның қызметінің тәртібі

10. Конкурсты өткізу және оның жеңімпазын анықтау үшін конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссия құрады.

Конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушы конкурсты ұйымдастыру мен өткізу туралы шешім қабылдаған сәттен бастап өткізілген конкурс нәтижесінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгізілгенге дейін іс-әрекет жасайды.

11. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды (үштен жетіге дейін) құрауы керек.

Орталық және жергілікті атқарушы және басқа мемлекеттік органдардың жанындағы конкурстық комиссиялардың құрамына олардың басшылары мен мамандары енгізіледі. Уәкілетті орган бірнеше тапсырысшы үшін ортақ конкурсты ұйымдастырушы белгілеген жағдайда, конкурстық комиссияның құрамына конкурсты ұйымдастырушының басшылары мен мамандары және конкурс арналып ұйымдастырылып және өткізіліп отырған тапсырысшының өкілдері (мамандары) енгізіледі.

Мемлекеттік сатып алудың мәні құрылыс объектілерін салу және жөндеу болған жағдайда конкурстық комиссиялардың құрамына, келісім бойынша, Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Құрылыс ісі жөніндегі комитетінің өкілдері енгізіледі.

Конкурсты ұйымдастырушының тиісті бейіндегі мамандары болмаған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы басқа орталық, жергілікті атқарушы және басқа мемлекеттік органдардың мамандарын ақысыз негізде, ал мемлекеттік қызметші болып табылмайтын, бейіні сатып алынатын тауарға, жұмыстарға және қызметтерге сай келетін мамандарды ақылы негізде конкурстық комиссия құрамына енгізу үшін немесе техникалық сарапшы ретінде жұмыс істеу үшін тарталады.

Конкурстық комиссия қызметіне ақылы негізде тартылатын адамдарды таңдау Заңға және осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады, ал ақы төлеуді - конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шарттық негізде жүзеге асырады.

Конкурстық комиссия құрамын, оның ішінде комиссия төрағасының орынбасары мен хатшыны конкурсты ұйымдастырушының басшысы бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.08 . N 1332 қаулысымен.

12. Конкурстық комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, комиссия отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және

комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауап береді.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

12-1. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тиісті бөлімшесінің маманы болып табылады. Конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде конкурстық комиссия хатшысының дауыс беруге құқығы жоқ.

Конкурстық комиссияның хатшысы ықтимал өнім берушілерге конкурстық құжаттаманы табыс етеді, ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналын жүргізеді, ықтимал өнім берушілерден конкурстық өтінімдері бар конверттерді қабылдайды, конкурстық комиссияның отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және отырыс өткеннен кейін оның хаттамаларын ресімдейді.

Техникалық сарапшылар ықтимал өнім берушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулерді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі жөнінде сараптық қорытынды береді және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде олардың дауыс беруге құқығы жоқ. Сараптық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

13. Конкурс өткізілмей тұрып, конкурстық комиссия конкурсты ұйымдастырушы әзірлеген конкурстық құжаттамамен танысуға тиіс.

Конкурстық комиссия мемлекеттік сатып алу туралы заңдарға және конкурстық құжаттама ережелеріне сәйкес конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашады, оларды бағалайды және салыстырады және конкурс қорытындыларын шығарады.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

13-1. Конкурсты ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тиісті бөлімшесі конкурстық комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

13-2. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды

д е п

е с е п т е л е д і .

Конкурстық комиссия мүшелері ерекше пікір білдіруге құқылы, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде баяндалады және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 13-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

14. Конкурстық комиссияның шешіміне заңдарда белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

3-тарау. Мемлекеттік сатып алу процесін ұйымдастыру

1. Мемлекеттік сатып алуды ашық конкурс тәсілімен жүзеге асыру тәртібі

15. Ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін конкурсты ұйымдастырушы конкурстық комиссияның құрамын, соның ішінде сарапшыларды бекітуге, мынадай міндетті бөлімдерден тұратын конкурстық құжаттаманы әзірлеуге және бекітуге міндетті:

1) ықтимал өнім берушілер үшін конкурстық өтінімді әзірлеу жөнінде нұсқаулықтар;

2) ықтимал өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары;

3) ықтимал өнім берушілер өздерінің біліктілік көрсеткіштерін растау үшін табыс ететін құжаттық дәлелдемелерді немесе басқа ақпараттарды талап ету;

4) тауардың саны, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің көлемі, тауарды беру, жұмысты орындау, қызметті көрсету орны, тауарды беру, жұмысты орындау, қызметті көрсету мерзімдері мен шарттары;

5) техникалық маманданым (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сипаттамасы және қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар мен халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға сілтемелерді қоса алғанда, талап етілетін техникалық және сапалық сипаттамалары);

6) орындалуға тиісті кез-келген ілеспе қызмет көрсетулер;

7) егер ықтимал өнім берушілерге сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің бір бөлігіне конкурстық өтінім беруге рұқсат етілген болса, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің конкурстық өтінімдер берілуі мүмкін бір бөлігінің немесе бөліктерінің сипаттамасы;

8) жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындау негізделетін бағадан басқа, барлық өлшемдердің сипаттамасы, соның ішінде мұндай өлшемдердің салыстырмалы мәні;

9) бағаға тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің өздерінің құнынан басқа элементтер (тасымалдауға және сақтандыруға, кеден баждарын, салықтарды, алымдарды төлеуге шыққан шығындар және басқалар) кіруінің керек-керек еместігі көрсетілуін қоса алғанда, конкурстық өтінімдердің бағасын есептеудің және белгілеудің тәсілі;

10) конкурстық өтінімнің бағасы белгіленетін валюта немесе валюталар және конкурстық өтінімдерді бірдей валютаға айналдыру үшін қолданылатын бағам;

11) отандық ықтимал өнім берушіге, соның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне Заңға және осы Нұсқаулыққа сәйкес басымдық беру шарттары;

12) егер конкурстық құжаттамада тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің балама сипаттамалары жіберілетін болса, тиісті нұсқау және баламалы конкурстық өтінімдерді бағалау тәсілі мен салыстырудың сипаттамасы ;

13) ықтимал өнім берушілер конкурстық құжаттамаларға байланысты түсініктемелер сұрай алатын тәсілдер және конкурсты ұйымдастырушының осы кезеңде ықтимал өнім берушілермен кездесу өткізу ниеті туралы мәлімдеме;

14) конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің нысанына, санына және басқа негізгі шарттарына қойылатын талаптар, сондай-ақ мұндай қамтамасыз етудің қ о л д а н ы л у м е р з і м і ;

15) егер шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделетін болса, шартты қамтамасыз етудің нысанына, санына және басқа негізгі шарттарына қойылатын талаптар, сондай-ақ мұндай қамтамасыз етуді енгізу мерзімі;

16) егер шетелдік ықтимал өнім берушінің қатысуы болжалатын болса, конкурстық өтінімдерді жасау және табыс ету тілі немесе тілдері;

17) конкурстық өтінімдерді табыс етудің тәсілі, орны және соңғы мерзімі;

18) конкурстық өтінімдердің күшінде болу мерзімі;

19) конкурстық өтінімдер ашылатын орынды, күні мен уақытын дәл көрсету;

20) конкурстық өтінімдерді ашу және қарау кезінде пайдаланылатын рәсімдер ;

21) конкурсты ұйымдастырушының конкурс өтінімдерін қабылдауға уәкілетті және конкурсты әзірлеу мен өткізу кезінде конкурсты ұйымдастырушыны білдіретін лауазымды адамдарының тектері, телефондары, бөлмелерінің нөмірлері, орналасқан жерінің мекен-жайы;

22) жеңімпаз айқындалғаннан кейін мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғанша сақталуы міндетті кез келген рәсімдік жайлар.

Конкурстық құжаттама уәкілетті орган бекітетін үлгілік конкурстық құжаттама негізінде жасалады.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332

қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1150 қаулысымен.

15-1. Конкурстық құжаттаманы жасаған кезде тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) тек қана біртектес түрлері мен оларды жеткізу (жұмыс орындау, қызмет көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлуге рұқсат етіледі. Бұл ретте конкурстың жеңімпазы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) әрбір лоты бойынша анықталады.

ЕСКЕРТУ. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1150 қаулысымен.

16. Конкурсты ұйымдастырушы біліктілік талаптарын қалыптастыру кезінде елде сатып алуға жататын тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің бәсекелес нарығы бар болған жағдайда отандық ықтимал өнім берушілермен шектелуге құқылы. Осы тармақтың нормалары қолданылған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізу туралы хабарландыруда және конкурстық құжаттамада конкурсқа тек отандық ықтимал өнім берушілер қатыстырылатынын міндетті түрде атап көрсетеді.

17. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім берушілерге табыс ететін конкурстық құжаттама осы Нұсқаулық белгілеген барлық талаптарға сай болуы және мынадай құжаттардан тұруы қажет:

осы Нұсқаулықтың 15-тармағының 1)-3), 6)-22)-тармақшаларында айтылған бөлімдерден тұратын, 2-қосымшаға сәйкес құрылым бойынша жасалатын конкурстық өтінімдерді әзірлеу және конкурсты өткізу жөнінде ықтимал өнім берушілерге арналған нұсқаулық;

осы Нұсқаулықтың 15-тармағының 4)-тармақшасында айтылған ақпарат бар, 3-қосымшаға сәйкес нысанда жасалатын сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің тізбесі;

техникалық маманданым (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің толық сипаттамасы және қажетті маманданымдарды, жоспарларды, сызбаларды, нобайлар мен халықаралық немесе қазақстандық стандарттарға сілтемелерді қоса алғанда талап етілетін техникалық және сапалық міндеттемелері);

4-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім нысаны;

5-қосымшаға сәйкес бағалар кестесі;

6-қосымшаға сәйкес конкурстық өтінімді қамтамасыз ету (банк кепілдігінің) нысаны;

7-қосымшаға сәйкес (егер шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу талап етілетін болса) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз

ету (банк кепілдігінің) нысаны;

ықтимал өнім беруші табыс ететін басқа құжаттар және ықтимал өнім берушілер конкурсқа қатысу үшін табыс ететін құжаттар нысандары.

18. Конкурстық құжаттаманы әзірлеу кезінде конкурстық комиссия осы Нұсқаулықтың 56-60-тармақтарына сәйкес бағалық емес элементтердің конкурстық өтінім бағасына ықпал ету процентін анықтайды.

19. Конкурстық құжаттама Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарына сәйкес тілде жасалады.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

20. Конкурстық құжаттама әзірленгеннен және бекітілгеннен кейін конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін (конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзіміне дейін) бір айдан кешіктірмей ресми баспасөзде немесе Мемлекеттік сатып алу бюллетенінде 8-қосымшаға сәйкес нысанда хабарландыру жариялауға міндетті.

21. Конкурсты ұйымдастырушы алған тапсырысшы ақпаратының кез келген өзгерістерін конкурсты ұйымдастырушы дереу ықтимал өнім берушілерге жеткізуі керек, бұл орайда конкурстық өтінімдерді табыс ету мерзімі осындай соңғы өзгерістер туралы ықтимал өнім берушілерге хабарланған күннен бастап есептеледі.

2 2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ алынып тасталды және анықтама берілді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

23. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттаманы конкурсты ұйымдастырушыдан 8-қосымшаға сәйкес нысандағы хабарландыруда көрсетілген орында және мерзімдерде алуы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

24. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама табыс етілген (жіберілген) ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналын жүргізеді, онда ықтимал өнім берушінің атауы, мекен-жайы, телефоны мен факсының нөмірі, конкурстық құжаттаманы қолма-қол алған адамның тегі, аты, әкесінің аты және конкурстық құжаттаманы алған күні көрсетіледі. Сондай-ақ бұл журналда ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімдер бар конверттерді табыс еткен уақыт пен күн және ықтимал өнім берушінің уәкілетті өкілінің (конкурстық өтінімдер бар конверттерді табыс еткен және конкурсқа қатысушы адамның) тегі, аты, әкесінің аты жазылады.

25. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру туралы сауал салуға құқылы, бірақ ол конкурстық өтінім берудің соңғы мерзімі біткенге дейінгі 10 күннен кешіктірілмеуі керек. Конкурсты ұйымдастырушы

ықтимал өнім берушінің мұндай сауалына үш күн мерзім ішінде жауап қайтаруға және сауалдың кімнен келіп түскенін көрсетпестен, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы берген барлық ықтимал өнім берушілерге осы түсіндірмелерді хабарлауға тиіс.

26. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінім берудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта өзінің жеке бастамасымен не қандай да бір ықтимал өнім берушінің тарапынан түскен түсіндірме беру туралы сауалға жауап ретінде толықтыру шығару арқылы конкурстық құжаттаманы өзгертуге құқылы. Конкурсты ұйымдастырушы бұл толықтыруды конкурстық құжаттаманы берген барлық ықтимал өнім берушілерге дереу хабарлайды және олардың мұндай ықтимал өнім берушілерге дереу хабарлайды және олардың мұндай ықтимал өнім берушілер үшін міндетті күші болады, бұл орайда конкурстық өтінім берудің мерзімі осындай соңғы толықтырулар туралы ықтимал өнім берушілерге хабарланған күннен бастап есептеледі.

27. Ықтимал өнім беруші конкурстық құжаттамада және оған толықтыруларда қамтылған барлық нұсқауларды, нысандарды, шарттар мен техникалық сипаттамаларды зерделеуге тиіс. Конкурстық құжаттамада сұратқан ақпаратты толық бермеу немесе конкурстық құжаттаманың барлық талаптарына сай келмейтін конкурстық өтінімді беру ықтимал өнім беруші үшін тәуекел болып табылады және оның конкурстық өтінімін конкурстық комиссияның қабылдамай тастауына әкеп соғуы мүмкін.

28. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімін әзірлеуге және беруге байланысты барлық шығындарды көтереді. Конкурсты ұйымдастырушы, тапсырысшы және конкурстық комиссия конкурсты жүргізудің сипатына немесе нәтижелеріне қарамастан осы шығындар бойынша міндеттемелерді көтермейді.

29. Ықтимал өнім беруші, конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзіміне дейін конкурстық құжаттамаға сәйкес әзірленген конкурстық өтінімді конвертке салып жабық табыс етуге міндетті.

Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсты ұйымдастырушы алған конкурстық өтінім ашылмайды және оны табыс еткен ықтимал өнім берушіге қайтарылады.

30. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдер салынған конверттерді алған кезде тіркеу журналында конкурстық өтінімнің алынған уақыты және күні туралы жазба жүргізеді.

31. Ықтимал өнім беруші әзірлеген және табыс ететін конкурстық өтінімде мынадай құжаттар тізбесі қамтылуға тиіс:

1) ұйым бланкісінде жасалған кәсіби білімі, тәжірибесі, беделі, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілетін міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржы,

материалдық-техникалық және еңбек ресурстары барын растайтын, бірінші б а с ш ы н ы ң қ о л ы қ о й ы л ғ а н х а т ;

2) ықтимал өнім берушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өндіру, қайта өңдеу және өткізу құқығын растайтын куәліктердің, сертификаттардың және/немесе басқа құжаттардың көшірмелері;

3) ықтимал өнім берушінің қаржылық жай-күйі туралы банктің анықтамасы;

4) ықтимал өнім берушінің салық төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындағандығы туралы тиісті салық органының анықтамасы;

5) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүйеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың к ө ш і р м е с і ;

6) конкурсқа қатысуға өтінім;

7) бағалар кестесі;

8) конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізгенін растайтын құжаттар;

9) конкурстық құжаттамаға сәйкес табыс етуге қажетті басқа да құжаттар.

Осы тармақтың 3), 4)-тармақшалары бойынша анықтамалар конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннің алдындағы ай бойынша табыс етіледі.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1150 қаулысымен.

32. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген тілде жасалып, табыс етілуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 32-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

33. Ықтимал өнім беруші тиісті бағалар кестесінде өзінің конкурстық өтініміне сәйкес беру (орындау, көрсету) жөнінде ұсынып отырған тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер бірлігінің бағасын және олардың жалпы бағасын көрсетуге тиіс. Конкурстық өтінімнің бағасы, тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің құнына қоса, конкурстық құжатта көрсетілген басқа да элементтерді (тасымалдауға және сақтандыруға, кеден бажын, салықтар мен алымдарды және басқаларды төлеуге жұмсалатын шығындар) қ а м т у ғ а т и і с .

Өнім беруші, егер конкурстық құжаттама талап ететін болса, өзінің конкурстық өтінімінің бағасын элементтерге бөлуі және оларды бағалар кестесінде көрсетуі тиіс.

Ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің бағалары конкурстық құжаттамада көрсетілген валютада көрсетілуі тиіс.

ЕСКЕРТУ. 33-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

34. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде оның қолданылу мерзімін көрсетуге тиіс. Конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзім ішінде, бірақ конкурстық өтінімді ашқан күннен кейін кемінде 45 күн ішінде күшінде болады. Қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімнен қысқа конкурстық өтінімді конкурстық комиссия конкурстық құжаттамаға сай келмейтін өтінім ретінде қабылдамай тастауға тиіс.

35. Конкурстық комиссия, ерекше жағдайларда, конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі өткенге дейін ықтимал өнім берушілерден бұл мерзімді қосымша нақты уақыт кезеңіне созуды өтіне алады. Ықтимал өнім беруші, ол енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, мұндай сұрауды қабылдамай тастай алады, ал оның конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі ұзартылмаған қолданылу мерзімінің өтуімен аяқталады. Мұндай өтініш пен оған жауап жазбаша нысанда ресімделуге тиіс.

Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімін ұзартуға келісім берген жағдайда конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі де тиісті түрде ұзартылуға тиіс.

36. Ықтимал өнім беруші, өзі енгізген өзінің конкурстық өтінімін қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімдерін өзгерте алады немесе кері қайтарып ала алады. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама, егер оны конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін алған болса, жарамды болады.

Конкурстық өтінімге өзгеріс те конкурстық өтінімнің дәл өзі сияқты әзірленуге, жабылып, мөрленуге және табыс етілуге тиіс.

Кері қайтарып алу туралы хабарлама жазбаша нысанда, бірақ конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімінен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Конкурстық өтінімдерге конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ешқандай өзгеріс енгізілмеуге тиіс.

Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі мен конкурстық өтінімдердің қолданылу мерзімінің аяқталуы күні аралығында конкурстық өтінімдерді кері қайтарып алуға тыйым салынады.

37. Конкурсқа қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге міндетті.

38. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мазмұны мен нысанын конкурсты ұйымдастырушы белгілейді.

Қамтамасыз ету мөлшері конкурстық өтінімнің жалпы сомасының 5 процентінен асырылмай белгіленеді, және:

6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кепілдігі; ақша қаражаты, мүлік және бағалы қағаздар кепілі түрінде беріледі.

Конкурстық өтінімді қамтамсыз етуге ақша қаражаты конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамада көрсеткен есепшотына конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін аударылады.

Конкурстық өтінімді мүлік және бағалы қағаздар кепілі түрінде қамтамасыз ету, егер ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін барлық қажетті құжаттарды конкурсты ұйымдастырушымен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рәсімдеген болса, енгізілген болып есептеледі.

ЕСКЕРТУ. 38-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1150 қаулысымен.

39. Конкурсты ұйымдастырушы енгізілген конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің ықтимал өнім берушіге:

- 1) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі өтіп кеткен;
- 2) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген;
- 3) мемлекеттік сатып алу рәсімдері конкурс жеңімпазы анықталмай тоқтатылған;

4) конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінім кері қайтарып алынған;

5) басқа ықтимал өнім беруші конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайларда қайтарады.

40. Осы Нұсқаулықтың 39-тармағының 1)-4)- тармақшаларында көрсетілген жағдайларда конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару осы жағдайлар туындаған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Осы Нұсқаулықтың 39-тармағының 5)-тармақшасында ескерілген жағдайларда, конкурс жеңімпазынан басқа ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімін қамтамасыз етуді қайтару осы жағдай туындаған кезден бастап отыз жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуге оның конкурсты ұйымдастырушыда болған кезеңінде өсім есептелмейді.

41. Конкурсты ұйымдастырушы ықтимал өнім беруші енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді, егер ықтимал өнім беруші:

конкурстық өтінім табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімді кері қайтарып алған немесе өзгерткен;

конкурс жеңімпазы деп танылып, мемлекеттік сатып алу туралы шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаған;

конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, егер осындай қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада талап етілсе,

мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін енгізбеген кездерде қайтарылмайды.

42. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінім көшірмелерінің конкурстық құжаттамада көрсетілген санын "Конкурстық өтінімнің түпнұсқасы" және "Конкурстық өтінімнің көшірмесі" деп көрсетіп, әзірлеуге тиіс. Олардың арасында алшақтық болған жағдайда түпнұсқа басымдыққа ие болады.

Конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен барлық көшірмелері басып шығарылуы немесе жуылып кетпейтін сиямен жазылуы, ықтимал өнім берушінің қолы қойылған болуы тиіс. Ықтимал өнім берушінің уәкілетті өкіліне берілген сенімхат конкурстық өтінімге қоса тіркелуге тиіс.

Конкурстық өтінімде, ықтимал өнім берушіге қателерді түзету осы Нұсқаулықтың 50-тармағында ескерілген жағдайларда қажет болған және оларды конкурстық өтінімге қол қоятын адам парафирлеген жағдайларды қоспағанда, жазылған жолдар арасына қосымша жазбалар жазылуға, өшірілуге немесе қоса жазылуға тиіс емес.

43. Ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір көшірмесін жеке-жеке конверттерге салып желімдеп, тиісінше оларды "Түпнұсқа" және "Көшірме" деп белгілеуге тиіс. Ол конверттерде ықтимал өнім берушінің атауы және мекен-жайы көрсетілуге тиіс (конкурстық өтінімді ашпай қайтару мақсатында). Осыдан кейін конверттер сыртқы конвертке салынып, жабылады.

Сыртқы және ішкі конверттер:

1) конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамада көрсетілген мекен - ж а й ы н а б а ғ ы т т а л у ғ а ;

2) " _____ сатып алу жөніндегі конкурс" (конкурстың атауы) және " _____ дейін ашылмасын" (конверттерді ашудың конкурстық құжаттамада көрсетілген күні, айы, жылы мен уақыты) деген жазбалар жазылған болуға тиіс.

44. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді барлық келген ықтимал өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен конкурстық құжаттамада көрсетілген күнде, уақытта және м е к е н - ж а й д а а ш а д ы .

Қатысып отырған ықтимал өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері өзінің қатысып отырғанын растап, осы Нұсқаулықтың 24-тармағында ескерілген ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналына тіркелуге тиіс.

45. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан кезде қатысып отырған адамдарға конкурстық өтінімдерді беріп отырған ықтимал өнім берушілердің атауы мен тұрған жерін, олар ұсынған конкурстық өтінімнің бағасын, егер орын алған болса конкурстық өтінімнің кері қайтарып алынуын және өзгертілуін, конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың бар

немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты және конкурстық комиссия қажет деп тапқан басқа да барлық мәліметтерді жариялайды және 9-қосымшаға сәйкес конкурстық өтінімді ашу хаттамасын жасайды.

Конкурстық өтінімдерді ашу хаттамасына конкурстық комиссия мүшелері қ о л қ о я д ы .

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

46. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалағанға және салыстырғанға дейін конкурстық өтінімдерді олардың толымдылығы, есептердегі қатенің, қажетті кепілдіктердің, құжаттардағы барлық қойылған қолдың болу жағдайларын, сондай-ақ бүтіндей алғанда құжаттардың ресімделуінің дұрыстығын алдын ала зерделейді.

47. Конкурстық комиссия ықтимал өнім берушінің Заңның 10-бабының 1-тармағында және конкурстық құжаттамада көрсетілген біліктілік талаптарына с ә й к е с т і г і н қ а р а й д ы .

Конкурстық комиссия, егер конкурстық өтінімді табыс еткен ықтимал өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе, конкурстық өтінімді қабылдамай т а с т а й д ы .

Конкурстық комиссия ықтимал өнім берушіні, егер ол біліктілік талаптары бойынша толық емес, нақты емес немесе жалған ақпараттар берсе, конкурсқа қатысудан шеттетуге құқылы.

48. Конкурстық өтінімдерді егжей-тегжейлі бағалауды өткізгенге дейін конкурстық комиссия әрбір конкурстық өтінімнің конкурстық құжаттама талаптарына қаншалықты сай келетіндігін айқындайды. Конкурстық өтінім, егер ол конкурстық құжаттамада көрсетілген барлық шарттарды елеулі ескертпелерсіз қанағаттандыратын болса, жеткілікті дәрежеде талаптарға сай келеді деп есептеледі. Конкурстық комиссияның конкурстық өтінімнің сай келетіндігін айқындауы қандай да бір қосымша көздерге сілтеме жасалмай, конкурстық өтінімнің өзінің мазмұнына негізделуге тиіс.

49. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарауды, оларға баға беруді және оларды салыстыруды жеңілдету үшін ықтимал өнім берушілерден олардың конкурстық өтінімдеріне байланысты түсіндірме беруін сұратуға құқылы. Формалды талаптарға сай келмейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкестендіру, соның ішінде бағаны өзгерту үшін ешқандай сұратуларға, ұсыныстарға немесе рұқсатқа жол берілмейді.

Түсіндірмелер беру туралы сұратулар және оған жауаптар жазбаша түрде берілуге тиіс.

50. Конкурстық комиссия, егер конкурстық өтінімде оны елеулі түрде өзгертпейтін немесе конкурстық құжаттамада баяндалған сипаттамалардан, шарттардан және өзге де талаптардан елеулі түрде ауытқу болып табылмайтын,

конкурстық өтінімге баға беруге әсер етпейтін онша маңызды емес ауытқулар болған немесе, егер онда конкурстық өтінімнің мәніне қатысы жоқ, түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болған жағдайда конкурстық өтінімді талапқа сай деп қарауға құқылы.

Арифметикалық қателер былай түзетіледі. Егер бірлік бағасы мен бірлік сандарына бірлік бағаларын көбейту нәтижесінде алынған жалпы бағаның арасында алшақтық болса, бірлік бағасының басымдығы болады, ал жалпы баға тиісінше түзетіледі. Егер ықтимал өнім беруші қателерді бұлай түзетумен келіспесе, онда оның конкурстық өтінімі қабылданбайды, ал конкурстық қамтамасыз ету ұстап қалуы мүмкін. Сөзбен және цифрлармен жазылған сомалардың арасында алшақтық болса, сөзбен жазылған сомаларға басымдық беріледі.

51. Егер конкурстық өтінім жеткілікті дәрежеде конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмесе, оны конкурстық комиссия қабылдамай тастайды және кейін конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп танылуы мүмкін е м е с .

ЕСКЕРТУ. 51-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

52. Баға беру рәсімдерін жеңілдету және конкурстық өтінімдерді салыстыру үшін конкурстық комиссия конкурстық өтінімдердің әртүрлі валютамен көрсетілген барлық бағаларын конкурстық құжаттамада көрсетілген күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасына - теңгеге аударады.

53. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына сай келетін ықтимал өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың барлық талаптарына сай келеді деп танылған конкурстық өтінімдерін бағалайды және салыстырады, ең төменгі баға негізінде және баға факторынан басқа, конкурстық құжаттамада көрсетілген өзге де өлшемдерді ескере отырып, ұтып шыққан конкурстық өтінімді айқындайды.

54. Конкурстық өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде конкурстық комиссия конкурстық өтінім бағасынан басқа мынадай өлшемдерді де ескеруі м ү м к і н :

1) конкурстық өтінімдерде ұсынылған жеткізілім, жұмыстарды аяқтау және қызмет көрсету мерзімдері;

2) конкурстық өтінімдерде ұсынылған төлем шарттары;

3) конкурстық өтінімдерде ұсынылған тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге кепілдік шарттары;

4) тауарға байланысты пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жұмсалатын шығындар;

5) ұсынылған жабдықтың пайдалану сипаттамасы және өнімділігі;

6) отандық ықтимал өнім берушілер - тауар өндірушілерді, соның ішінде

шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау.

Конкурстық комиссия осы тармақта көрсетілген элементтердің конкурстық бағаға ықпал етуін осы Нұсқаулықтың 56-60-тармақтарына сәйкес белгіленген проценттердің негізінде айқындайды, олар конкурстық құжаттамада көрсетіледі және қайтарылмаған конкурстық өтінімдерге бірдей мөлшерде қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 54-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 54-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1150 қаулысымен.

55. Мемлекеттік сатып алудың мәні консультациялық қызмет көрсетулерді тарту болған жағдайда, бағадан басқа іріктеу өлшемі:

- 1) консультациялық қызмет көрсетудің сапалы сипаттамасы;
- 2) ықтимал өнім берушінің осындай қызмет көрсету нарығындағы тәжірибесі;

3) ықтимал өнім беруші мен қызмет көрсетулермен айналысатын қызметшілердің біліктілік көрсеткіштері, беделі, сенімділігі, кәсіптік және басқарушылық құзыреттілігі болып табылды.

56. Егер конкурстық өтінімде конкурсты ұйымдастырушының мәлімделгенімен салыстырғанда өнім берудің (жұмыстың аяқталуы, қызмет көрсетулер) неғұрлым кеш мерзімі көзделсе, онда конкурстық комиссия конкурстық өтінім құнының белгілі бір проценті негізінде (өнім берудің, жұмысты аяқтаудың немесе берудің талап етілген мерзімімен салыстырғанда кешіктірілген әрбір апта үшін 2 проценттен аспайтын мөлшерде ұсынылады) бұл кешіктіруді ақшалай сипатта көрсетіп, оны өнім берудің (жұмыстардың аяқталуы, қызметтер көрсету) неғұрлым кеш мерзімі көзделген конкурстық өтінім бағасына шартты түрде қосу қажет. Өнім берудің неғұрлым кеш мерзімін көздейтін (жұмыстардың аяқталуы, қызметтер көрсету) әрбір конкурстық өтінімге бұл рәсім жеке-жеке қолданылады. Мерзімінен бұрын жеткізіп берілгені (жұмыстарды аяқтағаны, қызметтер көрсеткені) үшін ешқандай шегерім көзделмейді.

ЕСКЕРТУ. 56-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

57. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада төлемнің базалық шарттарын мәлімдеуі тиіс және конкурстық өтінім төлемнің базалық шарттарына негізделуі қажет. Сонымен бірге ықтимал өнім беруші төлемнің баламалы шарттарын да ұсына алады, бұл ретте ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде қандай бағалық шегерім жасай алатынын көрсетуі тиіс.

58. Ықтимал өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде тауарға байланысты конкурстық құжатта көрсетілген мерзім ішінде пайдалану, техникалық қызметтер көрсету және жөндеу шығындарын көрсетуі және оны есептеулермен растауы тиіс. Конкурстық комиссия пайдалану шығындарының ең төменгі құны

көзделген конкурстық өтінімді айқындауы тиіс және басқа конкурстық өтінімдердің бағасына шартты түрде әрбір конкурстық өтінімнің пайдалану шығындарының құны пайдалану шығындарының ұсынылып отырған ең төменгі құнынан артық болатындай процент қосуы тиіс.

59. Ықтимал өнім беруші берілетін тауарлардың конкурстық құжаттаманың техникалық шарттарына сәйкес болуын қамтамасыз ете отырып, ұсынылып отырған құрал-жабдықтың пайдалану сипаттамасына кепілдік берілетін кезеңді (пайдаланудың кепілді мерзімін) көрсетуі қажет. Конкурстық комиссия, егер ұсынылып отырған конкурстық өтінімде кепілді кезең конкурстық құжаттамада мәлімделген негізгі кезеңнен аз болған жағдайда, конкурстық өтінімнің бағасына шартты түрде белгілі бір процент (әр жылға 3 проценттен аспайтын мөлшерде ұсынылады) қосуы немесе, егер кепілді кезең негізгі кезеңнен көп болса, шартты түрде шегеруі қажет.

ЕСКЕРТУ. 59-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

60. Тауар өндірушілер болып табылатын отандық ықтимал өнім берушілер, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілері ұтқан конкурстық өтінімдерді айқындаған кезде, егер Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген тауарлар бойынша жергілікті еңбек, шикізат және өндіріс ресурстарын пайдалану құндық көрінісінде олардың құнының кемінде 50 процентін, ал мердігерлік жұмыстарды атқару кезінде кемінде 80 процентін құраса, басымдыққа ие болады. Мердігер жұмыстар бойынша конкурсқа қатысушы шетелдік ықтимал өнім берушілер де, егер мердігерлік жұмыстарды жүзеге асыру кезінде жергілікті (қазақстандық) еңбек, шикізат және өндіріс ресурстарын пайдалану құндық көрінісінде олардың құнының кемінде 80 процентін құраса, басымдыққа ие болады. Конкурстық комиссия мұндай конкурстық өтінімдердің бағасын шартты түрде белгілі бір процентке (10 проценттен аспайтын мөлшерде ұсынылады) кемітеді.

Тауар өндірушілер болып табылатын отандық ықтимал өнім берушілер, сондай-ақ шетелдік ықтимал өнім берушілерге басымдық беру шарттары және олардың конкурстық өтінімдерінің бағасын шартты кемітудің нақты проценті конкурстық құжаттамада көрсетілуі тиіс.

ЕСКЕРТУ. 60-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 60-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1150 қаулысымен.

61. Егер конкурстық құжаттамада мұндай көзделсе, конкурстық комиссия отандық ықтимал өнім берушілердің тауар жеткізіліміне арналған конкурстық өтінімдерінің бағасын қарау және бағалау кезінде осындай тауарларды шет елден жеткізуді ұсынатын шетелдік ықтимал өнім берушілермен салыстырғанда

Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген тауарлар жеткізілген ретте салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу көрініс табатындай белгілі процентке шартты түрде кеміте алады.

62. Конкурстық өтінімдерді сан жағынан бағалау үшін конкурстық комиссия әрбір конкурстық өтінімнің бағасын және осы Нұсқаулықтың 56-61-тармақтарына сәйкес басқа элементтердің ықпалын ақшалай көріністе жинақтайды. Ең төмен жиынтық шартты бағасы бар конкурстық өтінім ұтқан болып есептеледі. Екі немесе бірнеше конкурстық өтінімдердің жиынтық шартты бағалары тең болған жағдайда отандық ықтимал өнім беруші - тауар өндірушінің конкурстық өтініміне, ондайлар жоқ болған жағдайда - сапалық және техникалық сипаттамасы неғұрлым жақсы тауар жеткізілімін ұсынатын немесе жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындаудың неғұрлым жақсы шарттарын ұсынатын конкурстық өтінімге басымдық беріледі.

ЕСКЕРТУ. 62-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1150 қаулысымен.

63. Осы Нұсқаулықтың 56, 58, 59-тармақтарына сәйкес анықталған басқа элементтердің конкурстық өтінімдердің бағасына жиынтық проценттік ықпалы 10 проценттен аспауы тиіс.

64. Ықтимал өнім берушілердің ешқайсысы да, осы Нұсқаулықтың 49, 50-тармақтарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдерді ашқан кезден бастап конкурс жеңімпазын анықтаған кезге дейін өзінің конкурстық өтініміне қатысты қандай да бір мәселе бойынша конкурстық комиссия мүшелерімен және сарапшылармен келіссөз жүргізбеуі тиіс.

ЕСКЕРТУ. 64-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

65. Қандай да бір ықтимал өнім берушінің тарапынан конкурстық өтінімдерді қараумен, бағалаумен және салыстырумен, конкурс жеңімпазын анықтаумен байланысты конкурстық комиссияның шешіміне ықпал етуге бағытталған кез келген әрекеті оның конкурстық өтінімін кері қайтарып алумен бірдей деп қаралады және оның конкурстық өтінімін қабылдамауға және конкурстық өтінімін қамтамасыз етуді ұстап қалуға әкеп соғады.

Конкурстық өтінімді мұндай қабылдамау және мұның себептері конкурс қорытындысы туралы хаттамада көрсетіледі және оны ұсынған ықтимал өнім берушіге дереу хабарланады.

66. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде конкурстың қортындысын шығарады.

67. Егер конкурсқа қатысуға үштен кем ықтимал өнім беруші конкурстық өтінім ұсынса, конкурстық комиссия конкурсты өткізілмеген деп таниды (ж а р и я л а й д ы) .

Конкурстық комиссия сондай-ақ барлық конкурстық өтінімдер

кабылданбаған жағдайда, конкурсты өткізілмеген деп таниды (жариялайды).

Конкурсты өткізілмеген деп таныған жағдайда конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдер ұсынған барлық ықтимал өнім берушілерді конкурсты болмаған деп жариялауға себеп болған негіздерді көрсете отырып, бұл негіздер дұрыстығының дәлелдемелерін ұсынбай, жазбаша хабардар е т е д і .

Егер конкурстық комиссия конкурсты өткізілмеген деп таныса, онда конкурсты ұйымдастырушы :

өзінің конкурстық құжаттамасының мазмұнын өзгертуге;
осы Нұсқаулыққа сәйкес қайтадан ашық конкурс өткізуге;
немесе, осы Нұсқаулықтың 7-тармағына сәйкес келісуге жатпайтын жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның келісімімен:
жабық конкурс өткізуге;

екі кезеңдік рәсімді пайдаланып ашық немесе жабық конкурс өткізуге;
бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдануға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 67-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

68. Конкурс қорытындысы хаттама түрінде ресімделеді. Конкурс қорытындысы туралы хаттама 10 қосымшаға сәйкес нұсқада жасалады және онда :

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің қысқаша сипаттамасы ;

2) конкурстық құжаттаманы алған ықтимал өнім берушілердің атауы мен орналасқан жері және конкурстық құжаттаманы алған уақыты;

3) конкурстық өтінімдер тапсырған ықтимал өнім берушілердің атауы мен орналасқан жері және конкурстық өтінімдердің тапсырылған күні, айы, жылы;

4) конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұранымдардың, оларға берілген жауаптардың жинақтап қорытылған жазбасы, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жинақтап қорытылған ж а з б а с ы ;

5) ықтимал өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары туралы және конкурстық өтінімдер берген ықтимал өнім берушілердің біліктілік мәліметтері туралы немесе мұндай мәліметтердің жоқ екендігі туралы ақпарат;

6) әрбір конкурстық өтінімнің басқа да негізгі шарттарының бағасы және қысқаша ж а з б а с ы ;

7) конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру өлшемдерінің жазбасы;

8) қабылданбаған конкурстық өтінімдер туралы ақпарат, оларды қабылдамауға негіздер ;

9) барлық конкурстық өтінім қабылданбаған жағдайда тиісті себептерді көрсету ;

10) егер конкурс нәтижесінде конкурс жеңімпазы анықталмағанда немесе конкурс өткізілмеген деп танылғанда тиісті себептер мен негіздерді көрсету;

11) конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және ол жеңімпаз деп танылған шарттар ;

12) конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейінгі артықшылық берілетін ықтимал өнім берушілердің (екеуге дейінгі) атауы мен орналасқан жері, олардың басымдылығының ретіне қарай ;

13) конкурс жеңімпазы анықталған күннен бастап, сол мерзім ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын, 30 күннен аспайтын, мерзім;

14) консультанттарды, сарапшыларды тарту туралы ақпарат;

15) осы Нұсқаулықтың 16-тармағына сәйкес тек қана отандық ықтимал өнім берушілердің қатысуымен конкурс өткізілген жағдайда - мұндай шектеудің негіздемесі көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ. 68-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

69. Осы Нұсқаулықтың 68-тармағының 1), 3)-6), 8)-10)-тармақшаларында көзделген мәліметтер, конкурс жеңімпазы анықталмаған конкурсқа қатысушы кез келген ықтимал өнім берушінің талап етуі бойынша беріледі. Бұл ақпарат, егер оны ашу Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетінің, құқық тәртібі және ұлттық қорғанысының мүдделеріне, сондай-ақ тараптардың заңды мүдделеріне залал келтіретін болса немесе әділетті бәсекеге кедергі келтірсе, берілмейді.

70. Тапсырысшы конкурс қорытындысы шығарылған күннен бастап үш күн мерзім ішінде жеңімпаз атанған ықтимал өнім берушіні оның конкурстық өтінімі ұтқан деп танылғандығы туралы жазбаша (хатпен, жедел хатпен, факспен) хабардар етеді. Конкурстық өтінімді ұтқан деп тану туралы хабарлама мемлекеттік сатып алу туралы шарттың бір бөлігі болып табылады.

Хабарламамен бірге тапсырысшы конкурс жеңімпазына тапсырысшының басшысы қол қойған және соған сәйкес конкурс жеңімпазы анықталған шарттарды және конкурс құжаттамасында айтылған шарттарды қоса Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарының ережелері бойынша жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

ЕСКЕРТУ. 70-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

71. Конкурс қорытындысы шығарылған күннен бастап бес күннің ішінде конкурсты ұйымдастырушы (тапсырысшы) ұтылып қалған ықтимал өнім берушілерді ресми баспасөзде немесе Мемлекеттік сатып алу бюллетенінде жасалған таңдауы туралы конкурстың атын, конкурс жеңімпазы атанған ықтимал өнім берушінің атауы мен мекен-жайын, оның конкурстық өтінімінің бағасын көрсете отырып хабарландыру жариялайды.

72. Конкурс жеңімпазы конкурстық өтінімі ұтты деп танылған хабарлама мен мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын алған күннен бастап 3 күннің ішінде осы шартқа қол қоюға, немесе бар келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тартатыны туралы тапсырысшыны жазбаша хабардар етуге және оны тапсырысшыға қайтаруға міндетті.

ЕСКЕРТУ. 72-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

73. Егер конкурс жеңімпазы деп танылған ықтимал өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырысшы ұсынысы конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейінгі неғұрлым артықшылықты болып табылатын басқа конкурсқа қатысушымен шарт жасасуға құқылы.

74. Осы Нұсқаулықтың 73 және 81-тармақтарында айтылған жағдайларда тапсырысшы конкурс жеңімпазымен шарт жасасу мерзімі өткен немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өтіп кеткен кезден бастап күш күн мерзім ішінде конкурстық өтінімі неғұрлым артықшылықты деп танылған ықтимал өнім берушіге оны тапсырысшының өнім беруші деп танығаны туралы хабарламаны және мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

75. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттың негізінде жасалды.

ЕСКЕРТУ. 75-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

76. Конкурстық өтінімі неғұрлым артықшылықты деп танылған ықтимал өнім беруші бұл туралы хабарламаны және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын алған күннен бастап үш күн мерзім ішінде шартқа қол қоюға немесе бар келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тартатыны туралы тапсырысшыны жазбаша хабардар етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 76-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

77. Егер конкурстық өтінімнің күшінде болу мерзімі өтіп кетсе және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалмаса немесе бұзылса, онда тапсырысшы қайтадан ашық конкурс жариялайды және уәкілетті органның келісімі бойынша осы Нұсқаулыққа сәйкес басқа да тәсілмен сатып алуды жүзеге асырады.

78. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоюшы тараптар мемлекеттік сатып алу туралы шартқа конкурс жеңімпазы және жеңімпаздан кейінгі артықшылықты ықтимал өнім беруші анықталған шарттардан өзгеше әлдеқандай өзгерістер енгізуге құқылы емес.

79. Егер конкурстық құжаттамада өнім берушінің шартты орындауды қамтамасыз етудің енгізуі көзделсе, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт өнім беруші осындай қамтамасыз етуді толық енгізгеннен соң күшіне енеді.

80. Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан соң өнім беруші, егер конкурстық құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз ету көзделсе, конкурстық құжаттамамен көзделген нысанда, көлемде және шартта осындай қамтамасыз етуді енгізуге міндетті.

81. Егер өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді белгіленген мерзімде енгізбесе немесе егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылса, тапсырысшы ұсынысы неғұрлым артықшылықты болып табылатын басқа конкурсқа қатысушымен шарт жасасуға құқылы.

82. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мазмұны мен нысанын конкурсты ұйымдастырушы белгілейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мөлшері мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының 5 процентінен аспайтын мөлшерде белгіленеді және:

7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кепілдігі;
ақша қаражаты, мүлік және бағалы қағаз кепілі түрінде ұсынылуы (енгізілуі)
м ү м к і н .

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің ақша қаражаты конкурсты ұйымдастырушының немесе тапсырысшының конкурстық құжаттамада көрсетілген шотына аударылады.

Егер өнім беруші тапсырысшымен конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде барлық құжаттарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімдесе, мүлік және бағалы қағаз кепілі түріндегі мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілді деп есептеледі.

83. Өнім берушінің жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тек қана толық немесе тиісінше орындаған жағдайда тапсырысшы мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген мерзімде немесе егер бұл мерзім шартта көрсетілмесе, өнім беруші міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

84. Егер өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өзінің міндеттемесін орындамаса немесе тиісінше орындамаса (тауар жеткізілімінің, жұмыстарды қызмет көрсетулер мерзімдерінің бұзылуы, сапасыз тауарлар жеткізілімі, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің сапасыз орындалуы, шарттың басқа да шарттарының бұзылуы), онда тапсырысшы Қазақстан Республикасы азаматтық заңдарына сәйкес өнім берушінің шартты орындауды қамтамасыз етуін ұстап қалады.

2. Мемлекеттік сатып алуды жабық конкурс тәсілімен жүзеге асыру және оны қолданудың ерекшеліктері

85. Жабық конкурс мына жағдайларда:

1) тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер олардың аса күрделілігі немесе арнаулы сипатына байланысты шектеулі ғана ықтимал өнім берушілерде бар болатын және мұндай ықтимал өнім берушілер белгілі кезде;

2) көп мөлшердегі конкурстық өтінімдерді қарау мен бағалау үшін талап етілетін уақыт пен шығын сол сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің құнынан айтарлықтай асып түсетін кезде өткізіледі.

86. Тапсырысшы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын кезде жабық конкурс тәсілін таңдау туралы шешімді уәкілетті органмен келісіп алуға міндетті, бұған осы Нұсқаулықтың 7-тармағында айтылған жағдайлар қосылмайды.

87. Осы Нұсқаулықтың 2-тарауына сәйкес құрылған конкурс комиссиясының құрамы бекітілгеннен, осы Нұсқаулықтың 15-19-тармақтарына сәйкес конкурстық құжаттама әзірленіп, бекітілгеннен кейін конкурсты ұйымдастырушы осы конкурсқа қатысуға өтінім қабылдау аяқталатын күнге дейін бір айдан кешіктірілмей ықтимал өнім берушілерге конкурс өткізілетіні туралы 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша хабарлама жіберуге м і н д е т т і .

Жазбаша хабарлама жіберілетін ықтимал өнім берушілердің тізімін конкурсты ұйымдастырушының басшысы бекітеді.

88. Егер жабық конкурс осы Нұсқаулықтың 85-тармағының 1)-тармақшасында баяндалған негіздерде өткізілетін болса, онда конкурсты ұйымдастырушы қолдарында сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер бар барлық ықтимал өнім берушілерге жазбаша хабарлама жібереді.

Егер жабық конкурс осы Нұсқаулықтың 85-тармағының 2)-тармақшасында баяндалған негіздерде жүргізілсе, онда конкурсты ұйымдастырушы құқығын шектемеу негізінде таңдап алынған және олардың саны бәсекелестік тиімділігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатын ықтимал өнім берушілерге жазбаша хабарлама жібереді.

89. Егер осы параграфта өзгеше көзделмесе, жабық конкурсты өткізген кезде, осы Нұсқаулықтың 20-тармағында баяндалған рәсімнен басқа, ашық конкурсты өткізу кезіндегі рәсімдер қолданылады.

3. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс және оның қолданылу ерекшеліктері

90. Ашық конкурс немесе жабық конкурс екі кезеңді рәсімдер пайдаланылып өткізілуі мүмкін.

91. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс:

1) тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің жан-жақты техникалық, сапалық ерекшеліктері мен сипаттамаларын анықтау мен тұжырымдау іс жүзінде мүмкін болмаған және конкурсты ұйымдастырушыға тұтынуды қанағаттандыру

үшін мейлінше қолайлы шешім табу үшін ықтимал өнім берушілермен тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің техникалық, сапалық және өзге сипаттарына қатысты келіссөздер жүргізу қажет болған;

2) мемлекеттік сатып алудың объектісі ғылыми зерттеулер, эксперименттер жүргізу, ізденістер немесе әзірлемелер қажет болғанда;

3) бір кезеңді ашық немесе жабық конкурс конкурс жеңімпазын анықтауға әкелмеген кезде өткізіледі.

ЕСКЕРТУ. 91-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

92. Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс мына кезеңдердің жиынтығынан тұрады:

1) конкурстық құжаттамаға сәйкес, тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің техникалық, сапалық немесе өзге сипаттары көрсетіле отырып ықтимал өнім берушілер ұсынатын бастапқы конкурстық өтінімдерді, оларды жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) шарттық ережелерін, ықтимал өнім берушілердің біліктілік деректерін қарау, қажет болған кезде конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдері қайтарылмаған ықтимал өнім берушілермен келіссөз жүргізуі;

2) конкурстың бірінші кезеңінен өткен тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің ықтимал өнім берушілер ұсынған техникалық, сапалық немесе өзге сипаттары негізінде конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізуі, баға ұсыныстарын ескере отырып түпкілікті конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру және конкурстың қортындысын шығару.

93. Конкурсты ұйымдастырушы әзірлейтін бастапқы конкурстық құжаттама осы Нұсқаулықтың 15-тармағының 5)-10)-тармақшаларында айтылған тарауларды қамтымауы мүмкін.

Бастапқы конкурстық өтінімдер бағалар кестесінсіз ұсынылады.

94. Кез келген ықтимал өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу құқығын жоғалтпастан, түпкілікті конкурстық өтінімді ұсынбауға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

95. Конкурстық құжаттамаға сәйкес ұсынылған түпкілікті конкурстық өтінімдер осы Нұсқаулыққа сәйкес конкурстық өтінімді жеңіп алушыны анықтау үшін бағаланып, салыстырылады.

96. Конкурстық комиссия түпкілікті конкурстық өтінімдер бар конверттер ашылған күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурс қорытындысын шығарады.

97. Осы параграфта өзгеше көзделмесе, екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын конкурсты өткізу кезінде де осы тараудың 1 және 2-параграфтарында баяндалған ашық және жабық конкурстарды өткізу кезіндегі рәсімдер мен ережелер пайдаланылады.

4. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

98. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау мемлекеттік сатып алуды конкурстық рәсімдерді қолданбай жүзеге асыру тәсілі болып табылады және ықтимал өнім берушіде олардың жан-жақты ерекшеліктерінің тапсырысшы үшін айтарлықтай маңызы болмайтын тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер болған кезде жүргізіледі, ал айтарлықтай шарт баға болып табылады.

99. Баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып өнім берушіні таңдау егер біртектес тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетулердің, қандай да бір мемлекеттік сатып алу көлемі (жылдық қажеттілік) құны жағынан алғанда Қазақстан Республикасының заңдарымен тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына белгіленген айлық есепті көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен аспайтын жағдайда ғана қолданылады.

100. Тапсырысшы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің баға ұсыныстарын (төлеуге арналған шотты) бәсекелестікті қамтамасыз ететін және таңдаулы ұсынысты тиімді іріктейтін ықтимал өнім берушілерден, мүмкіндігіне қарай кем дегенде үшеуінен (жазбаша немесе ауызша), сұратып алады. Мұндай сұратып алуда, қажетіне қарай, бағаға тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің өз құнынан тыс тасымалдауға, сақтандыруға арналған шығындар, кедендік баж бен салықтарды төлеу сияқты қандай да бір басқа элементтердің қосылуы туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

101. Әрбір ықтимал өнім беруші бір ғана баға ұсынсын (төлеуге арналған шотты) беруге құқылы және оны ауыстыруға рұқсат етілмейді.

102. Тапсырысшы оның қажеттілігін қанағаттандыратын ең төменгі баға ұсынысын (төлеуге арналған шоты) табыс еткен ықтимал өнім берушінің шотын төлейді және төленген тауарды (қызмет көрсетуді) алады. Жұмысты сатып алу кезінде тапсырысшы оның қажеттілігін қанағаттандыратын ең төменгі баға ұсынысын табыс еткен ықтимал өнім берушімен шарт жасасады.

5. Бір көзден мемлекеттік сатып алу

103. Бір көзден мемлекеттік сатып алу - тапсырысшының бір ғана ықтимал өнім берушімен келіссөз жүргізгеннен кейін мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойған кездегі мемлекеттік сатып алу рәсімі.

104. Бір көзден мемлекеттік сатып алу мына жағдайларда:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер қандай да бір нақты ықтимал өнім берушінің қолында болған немесе қандайда бір нақты ықтимал өнім берушінің осы сатып алынатын тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге қатысты айрықша құқығы болатын;

2) төтенше оқиғаның пайда болуы (жариялануы) салдарынан осы тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге деген шұғыл қажеттілік туындағанда, осының салдарынан конкурстарды өткізу орынсыз болған;

3) тапсырысшы қандай да бір өнім берушіден жабдықтарды, технологияларды немесе қызмет көрсетулерді сатып алып, сол өнім берушіден тауарларды, жабдықтарды, технологияларды бір ізге түсіру, стандарттау немесе үйлесімділігін қамтамасыз етудің қажет болуына байланысты басқа да сатып алулар жүргізілуге тиіс деп белгілеген;

4) мемлекеттік өндірістік кәсіпорындар мен мекемелерде өндірілетін тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жағдайлар мен тәртіпте Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, құқық тәртібі және қорғаныс қабілеті кепілдігін қамтамасыз ететін;

5) конкурс болған жоқ деп танылған жағдайларда жүргізіледі.

105. Бір көзден мемлекеттік сатып алу уәкілетті органмен келісім бойынша жүргізіледі, бұған осы Нұсқаулықтың 7-тармағында айтылған келісуге жатпайтын жағдайлар қосылмайды.

106. Бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде тапсырысшының мұндай ықтимал өнім берушіден осы ықтимал өнім беруші ұсынып отырған тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулер бағасының қажетті негіздемелерін сұратып алуға құқығы болады. Сондай-ақ тапсырысшы өнім берушіден мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуді талап етуге құқылы. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің, ұстап қалудың және қайтарудың мазмұны, нысаны мен шарттары мемлекеттік сатып алу туралы шартта айтылады.

ЕСКЕРТУ. 106-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен.

107. Бір көзден мемлекеттік сатып алу жүргізілген кезде тапсырысшы 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алу туралы хаттама жүргізуге тиіс, онда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілін қолданудың негіздемесі;

2) бір көзден сатып алынған тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің қысқаша сипаттамасы;

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және мұндай шарттың бағасы.

6. Мемлекеттік сатып алуды объект салынып немесе жөнделіп жатқан кезде жүзеге асыру ерекшеліктері

108. Егер мемлекеттік сатып алу объектісі өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттардың құрылысы үшін жобалау, оларды тек салу, қайта жаңарту, техникалық қайта жарақтандыру мен күрделі жөндеу болып табылатын жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы сатып алудың нақты шарттарына сүйене отырып, конкурстың мына нысандарының бірін белгілеуге тиіс:

- 1) жобалау жұмыстарына, жабдықтарды жеткізуге, құрылыс-монтаж немесе жөндеу жұмыстарына арналған жеке конкурстар;
- 2) жабдықтарды жеткізу мен құрылыс-монтаж жұмыстарын қоса алғанда, жобалау жұмыстарына және объектіні салуға арналған жеке конкурстар;
- 3) объектіні даяр қалпында тапсыруға конкурс.

109. Егер салынуы қажет болатын объект кеңінен танымал (мысалы, мектеп, аурухана, балабақша, қойма жайы, қуаты 10 кВ және одан аз көмекші электр станциясы және электр энергетиканы және т.б. қоса алғанда, өнеркәсіп объектілерінің негізгі және/немесе көмекші жабдықтарын жөндеу) болып табылса, конкурс нысаны осы Нұсқаулықтың 108-тармағының 1)-тармақшасы бойынша қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы жабдықтарды жеткізу мен жобалау жұмыстарына жеке конкурс, сонан кейінгі құрылыс-монтаж жұмыстарына конкурс өткізеді. Бұл ретте іске қосу-реттеу жұмыстары жабдықтарды жеткізу конкурсына немесе құрылыс-монтаж жұмыстары конкурсына қосылады.

110. Егер салынуы қажет болған объект мамандандырылған (мысалы, қуаттылығы шағын және орташа өндірістік үй-жай, қуаты 10 кВ асатын көмекші электр станциясы, қуаттылығы шағын және орташа су қайтарғы және т.б.) болып табылса, онда конкурс нысаны осы Нұсқаулықтың 108-тармағының 2)-тармақшасы бойынша қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы жабдықтарды жеткізу мен құрылыс-монтаж жұмыстарын қоса алғанда, жобалау жұмыстары мен объектіні салуға жеке конкурстар өткізеді.

111. Егер салынуы қажет болатын объект мамандандырылған және ірі немесе бірегей (мысалы, қуаттылығы үлкен өндірістік үй-жай, қуаттылығы үлкен өндірістік объектінің немесе оның кезектерінің бірінің құрылысы, көпір, газ және мұнай құбыры құрылысы және т.б.) болып табылса, онда конкурс нысаны осы Нұсқаулықтың 108-тармағының 3)-тармақшасы бойынша қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда конкурсты ұйымдастырушы объектіні даяр қалпында тапсыруға арналған конкурс өткізеді.

112. Өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттар құрылысы үшін жобалауға, құрылысын салуға, қайта жаңартуға, техникалық

қайта жаратқандыру мен күрделі жөндеуге арналған конкурстық құжаттамада мыналар қосымша болуы тиіс:

1) құрылыс алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа айрықша табиғат жағдайларының қысқаша сипаттамасы, инфрақұрылым мен коммуникацияның бар екендігі, жергілікті ресурстардың, стандарттар жүйесі мен техникалық нормативтердің сипаттамасы, техникалық құжаттаманы әзірлеудің ресми тілі;

2) объектінің толық құрамы, объектіні іске қосу кезіндегі келіспеушілікті болдырмайтын аумақтың инженерлік әзірлігі, өндіріс пен жабдықтар технологиясы, инженерлік жабдықтау, пайдаланылатын материалдар мен конструкциялар, объектінің жаратқандырылуы және т.б. бойынша талаптар.

113. Өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы үйлер мен ғимараттарды құрылысқа жобалау, құрылысын салу, қайта жаңарту, техникалық жаратқандыру мен күрделі жөндеу кезінде конкурстық өтінімде жобалық материалдар көлемі бойынша (жобаның тараулары - түсіндірме жазба, бас жоспар және көлік, сәулет-құрылыс және технологиялық бөліктері, инженерлік жабдыкталуы, қоршаған ортаны қорғау, құнының есептеулері, техникалық-экономикалық бөлігі мен құрылысты ұйымдастыру) қысқаша қосымша болуға тиіс.

114. Аса күрделі сипаттағы ірі объектілердің құрылысына арналған мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жүргізілген жағдайда ең жоғары баға конкурстық құжаттамада көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ. 114-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен

7. Аймақтық сипаты бар тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ерекшеліктері

115. Аймақтық сипаты бар (мысалы, тез бұзылатын азық-түлік өнімдері құрылыс материалдары және т.б.) тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс өткізу кезінде конкурсты ұйымдастырушы аймақтар бойынша жеке конкурстар өткізуге құқылы.

8. Қорғаныстың, құқық тәртібінің және ұлттық қауіпсіздіктің мұқтажын қамтамасыз етуге арналған тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

116. Қорғаныстың, құқық тәртібінің және ұлттық қауіпсіздіктің мұқтажын қамтамасыз етуге арналған тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру заңға және осы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі, бұған мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде Қазақстан

Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін құпиялылық режимін белгілеу талап етілетін жағдайлар қосылмайды.

117. Құпиялылық режимін белгілеу талап етілетін мемлекеттік сатып алулар ақпаратты (құпиялылық режимін) қорғау талаптары сақтала отырып жабық конкурс тәсілімен жүзеге асырылады.

4-тарау. Ықтимал өнім берушіні мемлекеттік сатып алу процесіне қатысудан шеттету

118. Уәкілетті орган қандай да бір ықтимал өнім берушіні мемлекеттік сатып алу процесіне қатысудан шеттету туралы шешім қабылдауға құқылы.

Ықтимал өнім берушілерді мемлекеттік сатып алу процесіне қатысудан шеттету туралы шешімді уәкілетті орган мынадай негіздемелер бойынша қ а б ы л д а й д ы :

1) ықтимал өнім берушінің мемлекеттік сатып алу процесінің алдындағы соңғы үш жылдың ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың кемінде біреуін тиісінше орындамауы және де мұндай іс-әрекеттер белгіленген тәртіппен сот арқылы расталған жағдайда;

2) ықтимал өнім беруші жеке тұлғаны соттың мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты қызметтің түрлерімен айналысудан белгіленген тәртіппен ш е т т е т у і ;

3) ықтимал өнім беруші заңды тұлғаның лауазымды адамын соттың мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты қызметтің түрлерімен айналысудан белгіленген тәртіппен шеттетуі;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайлар.

ЕСКЕРТУ. 118-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен

119. Тапсырысшы уәкілетті органға өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны туралы мәлімет тапсырады.

120. Уәкілетті органның ықтимал өнім берушіні мемлекеттік сатып алу процесіне қатысудан шеттету туралы шешімі барлық конкурсты ұйымдастырушылар мен тапсырысшылар үшін міндетті болып табылады.

5-тарау. Мемлекеттік сатып алумен байланысты қызметтегі жариялылық

121. Өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтерді тапсырысшы ресми баспасөзде немесе Мемлекеттік сатып алулар туралы бюллетеньде жүйелі түрде жариялап отырады, бұған мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтер қосылмайды.

122. Тапсырысшы немесе конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу процесі аяқталғанға дейін оған ықтимал өнім берушілер берген құпия сипаты бар барлық ақпараттарға қатысты құпиялылықты сақтауға міндетті.

123. Тапсырысшылар өткізілген мемлекеттік сатып алулар туралы есепті уәкілетті орган айқындайтын нысан мен тәртіп бойынша жасап, уәкілетті органға тапсырады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

124. Конкурсты ұйымдастырушы немесе тапсырысшы қойылған міндеттің сипатын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу процесінде оның қатысушылар арасында пайда болатын құқықтық, экономикалық, ғылыми және басқа мәселелер бойынша білікті көмек алу үшін тиісті біліктілік пен мамандықтағы консультанттарды жұмысқа тартуға құқылы.

125. Тапсырысшы мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

126. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасу немесе орындау процесінде тапсырысшы мен өнім беруші арасында пайда болатын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

127. Мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылар мемлекеттік сатып алу туралы заңдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

1-қосымша

Толтырылған уақыты: _____ ж.

(Тапсырысшының атауы) _____ жылға тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу (қажеттілік) жоспары

№	Сатып алына- тын тауар- лардың жұмыс- тардың және қызмет көрсету- лердің атауы	Тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің толық мінездемесі (сипаттамасы)	Өл- шем бір- лігі	Өлшем бірлігінің саны	Тауар бірлігі- жеткізі- лімі, (жұмыс орындау, қызмет көрсету мерзімі	Тауар жеткізі- лімі, (жұмыс орындау, қызмет көрсету базисі	Сатып алу үшін бюджет көздел- ген сома
1	2	3	4	5	6	7	8

		Егер тауарлардың, жұмыс- тардың және қызмет көрсету- лердің мінездемесін осы			Қажет болған жағдайда		

конкурсты ұйымдастырушының атауы

Кімнен _____

ықтимал өнім берушінің атауы

Конкурсқа қатысуға өтінім

(конкурстың атауы)

конкурсын өткізу жөніндегі конкурстық құжаттаманы қарап, оның алынғандығы осымен куәландырылады, _____

—

,

(ықтимал өнім берушінің атауы)

мына тауарлардың жұмыстарды орындау, қызмет көрсетулер жеткізілімін жүзеге асыруды ұсынады: _____

—

(тауардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің егжей-тегжейлі с и п а т т а м а с ы)

конкурстық құжаттамаға сәйкес, жалпы сомасы _____

(цифрлармен және жазумен)

Осы конкурстық өтінім мыналардан тұрады:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____

Біз біздің конкурстық өтініміміз ұтып шыққан деп танылған ретте, тауарлар жеткізілімін (жұмыстар орындау, қызмет көрсету) _____ күн ішінде бастауға және осы конкурстық _____ (жазумен) өтінімде көрсетілген барлық тауарлардың жеткізілімін (жұмыстар орындау, қызмет көрсету), біздің конкурстық өтінімімізді ұтып шыққан деп тану туралы Сізден хабарлама алған сәттен бастап _____ күн ішінде аяқтауға м і н д е т т е н е м і з .

(ж а з у м е н)

Біз конкурстық құжаттамада көрсетілген төлемнің базалық ережелерімен келісеміз. Төлемнің мынадай балама ережелерін ұсынамыз: _____

(төлемнің балама ережелері, егер олар бар болса, тізіп көрсетіледі) және бұл орайда мынадай мөлшерде баға шегерімін береміз _____

(ақша түрінде көрсетілсін, жазумен) _____

Біздің конкурстық өтініміміз танылған ретте, біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді* шарттың жалпы сомасының _____ проценті болатын сомада енгіземіз. (

ж а з у м е н)

Осы конкурстық өтінімнің конкурстық өтінім ашылған күннен бастап _____ күн ішінде күші болады. (жазумен)

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасқан сәтке дейін осы конкурстық өтінім оны ұтып шыққан деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқарады. _____

_____ атынан және тапсыруы бойынша
(ықтимал өнім берушінің атауы)
конкурстық өтінімге қол қоюға барлық өкілеттігі бар

(Қолы, күні, айы, жылы)

(Қызметі, тегі, аты, әкесінің аты)

М.О. _____

*егер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделген болса, көрсетіледі

5-қосымша

(Ықтимал өнім берушінің атауы)

ықтимал өнім берушінің конкурстық өтінімінің

Бағалар кестесі

				Тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің атауы			
1. Қысқаша сипаттама							
2. Шыққан елі							
3. Өлшем бірлігі							

4. Бірлік бағасы, _____	_____ (баратын жері)
жағдайында Инкотермс 1990	_____

5. С а н ы (көлемі)	_____
6. Жалпы бағасы, _____	_____
_____ (баратын жері)	_____
жағдайында Инкотермс 1990	_____
с о ы ң і ш і н д е :	_____
6.1. Тасымалдау құны	_____
6.2. Сақтандыру құны	_____
6.3. Кеден бажын төлеу	_____
6.4. Салық төлеу	_____
6.5. Салық төлеу	_____
6.6. Алымдар төлеу	_____
6.7.	_____
6.8.	_____
7. Жинақтаушы детальдардың, _____	_____
міндетті запас бөлшектердің _____	_____
және пайдаланудың бастапқы _____	_____
кезеңі ішінде өлшем бірлігіне _____	_____
қызмет көрсету құны _____	_____
с о ы ң і ш і н д е :	_____
7 . 1 .	_____
7.2.	_____
8. Басқа да пайдалану _____	_____
шығындары _____	_____

(Қолы)

(Қызметі,тегі, аты,әкесінің аты)

М.О.

6-қосымша

**Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету нысаны
(банктік кепіл)**

Б а н к т і ң а т а у ы :

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: _____

— (конкурсты ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

N _____ Кепілдік міндеттеме

_____ " _____ " _____ ж.
(орналасқан жері)

Біз, бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын _____

_____ (ықтимал өнім берушінің атауы) _____

_____ (конкурсты ұйымдастырушының атауы)
ұйымдастырылатын _____ сатып алу жөніндегі конкурсқа
қатысатындығынан және жалпы сомасы _____ теңге болатын
(ж а з у м е н)

_____ (тауардың, жұмыс пен қызметтің атауы және көлемі)
_____ жеткізілімді (жұмысты орындауды, қызмет көрсетуді) жүзеге
асыруға әзір екендігінен хабардар болдық.

Жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі _____ ж. " _____
" _____ конкурстық құжаттамамен ықтимал өнім берушінің
конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі банктік кепілдік түрінде көзделген.

Осыған байланысты біз _____ өзімізге
(б а н к т і ң а т а у ы)

Сіздің талап етуіңіз бойынша, сондай-ақ Өнім берушінің:
- конкурстық өтінімдерді тапсырудың ақырғы мерзімі өткеннен кейін
конкурстық өтінімді кері шақырып алған немесе өзгерткені;
- белгіленген мерзімде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қоймағаны;
- конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және жағдайларда
мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қол қойылғаннан кейін мемлекеттік сатып
алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізбегені туралы жазбаша
растама бойынша. Сізден төлеуге арнап алынған жазбаша талап бойынша сомаға
тең _____

(сомасы цифрмен және жазумен)
төлеу үшін қайтарылып алынбайтын міндеттеме аламыз.

Аталған кепілдік міндеттеме конкурстық комиссияның Өнім берушінің
конкурстық өтінімін қабылдауға тиісті сәтінен бастап күшіне енеді.

Аталған кепілдік міндеттеме Өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімі күшінің ақырғы мерзіміне дейін қолданылады және бізге бұл құжаттың қайтарылғандығына не қайтарылмайтындығына қарамастан, егер Сіздің жазбаша талап етуіңізді біз осы күннің соңына дейін ала алмайтын болсақ, автоматты түрде толық күшін жояды.

Осы кепілдік міндеттемемен байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Кепілдердің Күні мен мекен-жайы
қолы мен мөрі
7-қосымша

**Мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды
қамтамасыз ету нысаны**

(банктік кепіл)

Банктің атауы: _____

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: _____

(тапсырысшының атауы мен деректемелері)

N _____ Кепілдік міндеттеме

" _____ " _____ ж .

(орналасқан жері)

Біз, бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын _____

(өнім берушінің атауы) _____

(тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетулердің сипаттамасы)
жеткізуге (орындауға, көрсетуге) арналған мемлекеттік сатып алу туралы _____
ж. N _____ Шарт жасасқаны назарға алына отырып және
осы Шартта Сіз Өнім жеткізуші Шарттың орындалуын жалпы сомасы _____
_____ теңге болатын банктік кепіл түрінде орындауды қамтамасыз
етуді енгізетіндігін көздедіңіз.

Осыған байланысты біз _____ осы арқылы
(банктің атауы)

жоғарыда аталған Шарт бойынша кепіл болып табылатындығымызды растаймыз және өзімізге Сіздің талап етуіңізге тең соманы, Сізден төлеуге арналған

жазбаша талап, сондай-ақ Өнім берушінің Шарт бойынша өзінің міндеттемесін орындағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны туралы жазбаша растама алынған бойда _____ төлеу үшін өзімізге

(сомасы цифрмен және жазумен)

қайтарып алынбайтын міндеттеме аламыз.

Аталған кепілдік міндеттеме оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтіне дейін қолданылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Кепілдің

Күні мен мекен-жайы

қолы мен мөрі

8-қосымша

Алдағы болатын конкурс туралы хабарландыру нысаны

_____ мынадай тауарларды
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

(жұмыстарды, қызмет көрсетулерді): (тауарларды, (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) қысқаша сипаттау және олардың құны көрсетілмейтін саны (көлемі) мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізу жөнінде хабарландырылады.

Тауар (жұмыстар немесе қызмет көрсетулер орындалуға тиіс) мына жерге жеткізілуге тиіс: (тауарлар жеткізілген, жұмыстар мен қызмет көрсетулер орындалатын орын көрсетіледі)

Жеткізудің (орындаудың) талап етілетін мерзімі _____ Конкурсқа "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабында айтылған біліктілік талаптарына жауап беретін барлық ықтимал өнім берушілер (немесе отандық өнім берушілерге ғана - аталған шектеу елде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің бәсекелестік рыногы өмір сүріп тұрған жағдайда көрсетіледі) жіберіледі.

(Егер бар болса, ықтимал өнім берушілерге қойылатын қосымша талаптар көрсетіледі).

Конкурстық құжаттамаларды _____ ж. "_____" _____ дейінгі мерзімде мына мекен-жай бойынша _____ алуға болады: N _____ бөлме _____ сағаттан _____ сағатқа дейін.

Конкурстық өтінімдерді берудің ең соңғы мерзімі (уақыты мен күні көрсетілсін).

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер конкурстық өтінімдер тапсырған (уақыты мен күні көрсетілсін) барлық ықтимал өнім берушілердің қатысуымен мына мекен-жай бойынша ашылады: (толық мекен-жайы, бөлменің N көрсетілсін)

)

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон бойынша алуға болады: (қаланың коды және телефон нөмірі көрсетілсін)

ЕСКЕРТУ. 8-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1332 қаулысымен

9-қосымша

**Сатып алу конкурсына қатысу үшін ықтимал
өнім берушілердің ұсынған конкурстық өтінімдері бар
конверттерді ашу хаттамасы**

(конкурстың аты)

(ашылу орны)

(күні, айы, жылы)

Мына құрамдағы конкурстық комиссия: (конкурс комиссиясы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, күні, айы, жылы, уақыты және конкурстық өтінімдерді ашудың орны) конкурстық өтінімдерді ашудың рәсімін өткізді.

Конкурстық құжаттама мына ықтимал өнім берушілерге ұсынды: (конкурстық құжаттама ұсынылған барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, м е к е н - ж а й ы) .

Мына барлық ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдері (конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейінгі конкурстық өтінім берген барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, мекен-жайлары) мынадай негізде _____

а ш ы л м а й

қ а й т а р ы л д ы .

Белгіленген мерзімде (конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанша) конкурстық өтінімдерді ұсынған мына ықтимал өнім берушілердің конкурстық өтінімдерді: (конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанша конкурстық өтінімдерді ұсынған барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, мекен-жайы, конкурстық өтінімдердің берілген уақыты) ашылды, олар конкурстық өтінімдерді ашу кезінде барлық қатысушыларға жарияланған мыналардан: (конкурстық өтінімдердің бағасы, негізгі шарттары, конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың бар екендігі немесе жоқтығы туралы ақпарат, конкурстық өтінімдерді кері қайтарып алу және өзгерту және конкурстық өтінімдерді ашу кезінде жарияланған басқа да ақпарат) тұрады.

Конкурстық өтінімдерді ашу кезінде мына ықтимал өнім берушілер: (конкурстық өтінімдерді ашу кезінде қатысқан барлық ықтимал қатысушылардың атуы, мекен-жайы және олардың уәкілетті өкілдерінің тегі, аты және әкесінің аты)

қ а т ы с т ы .

Конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және қол таңбалары

10-қосымша

**(Конкурс атауы) сатып алу жөніндегі
конкурс нәтижесінің хаттамасы**
(конкурс өткізілетін орны мен мерзімі)

1. Конкурстық комиссия (Конкурстық комиссия құрамы атап көрсетіледі) құрамында (сатып алатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет жайлы қысқаша мағлұмат) мемлекеттік сатып алу жөнінде (ашық, жабық, екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын) конкурс өткізді.

2. Сатып алуға бөлінген сома (сомасы көрсетіледі), теңге.

3. Конкурстық құжаттаманы сатып алғандар (конкурстық құжаттаманы сатып алған барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, орналасқан мекен-жайы, сатып алған уақыты атап көрсетіледі).

4. Ықтимал өнім берушілерден конкурстық құжаттаманы анықтау туралы (егер ондайлар болса, мазмұны келтіріледі) өтініш түсті және оларға келесі (өтінішке берілген жауаптың жалпылама мазмұны келтіріледі) анықтама берілді.

5. (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жалпылама мазмұны).

6. Конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімді келесі ықтимал өнім берушілер табыс етті (конкурстық құжаттаманы сатып алған барлық ықтимал өнім берушілердің атауы, орналасқан мекен-жайы, сатып алған уақыты атап көрсетіледі).

7. Келесі конкурстық өтінімдер қабылданбады (қабылданбаған конкурстық өтінімдер, қабылданбау себебі туралы ақпарат беріледі.)

8. (ықтимал өнім берушілер біліктілігі туралы ақпарат мазмұны жазылады).

9. Ықтимал өнім берушілер келесі ұсынымдарды:
(тауар жеткізілімі, жұмыс орындау, қызмет көрсету) табыс етті (әр конкурстық өтінімнің бағасы мен басқа да негізгі шарттары көрсетіледі).

10. Конкурстық комиссия тапсырылған конкурстық өтінімдерді қарастырған кезде келесі бағалау және конкурстық өтінімдерді салыстыру өлшемдеріне сүйенді (конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру өлшемдері атап көрсетіледі).

11. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру нәтижесінде

Ш е ш т і :

1) (аталған конкурстық өтінімді тапсырған ықтимал өнім берушінің атауы мен орналасқан мекен-жайы көрсетіледі) конкурстық өтінім конкурс жеңімпазы болып есептелсін. (Конкурстық өтінімдерді қарастыру, бағалау және салыстыру

кезінде барлық конкурстық өтінімдер қабылданбаған жағдайда, себебі
к ө р с е т і л е д і) .

2) Тапсырысшыға (тапсырысшыларға) (әр тапсырысшының атауы мен орналасқан мекен-жайы атап көрсетіледі) _____ жылдың _____ дейін _____ (конкурстық өтінімді жеңіп алған ықтимал өнім берушінің атауы көрсетіледі) мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу тапсырылсын.

3) Конкурсты ұйымдастырушы (конкурс ұйымдастырушының атауы көрсетілсін) :

- бюджеттік қаржы бөлінуді қамтамасыз ету үшін осы хаттама мен шарттың (шарттардың) көшірмелерін _____ жіберсін;

- бұқаралық ақпарат құралдарында өткізілген конкурстың қорытындыларын ж а р и я л а н с ы н .

Конкурстық комиссия төрағасы мен мүшелерінің және конкурстық өтінімі жеңімпаз деп танылған ықтимал өнім берушінің қол таңбалары.

11-қосымша

Конкурсты өткізуді хабарлаудың нысаны

Кімге _____

— _____ (ықтимал өнім берушінің атауы)

Сізге _____

— _____ (конкурсты ұйымдастырушының атауы)
мына тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) (тауарлардың жұмыстардың, қызмет көрсетулердің қысқаша сипаттамасы және олардың саны (көлемі) сатып алу бойынша конкурстың өткізілетіндігі туралы хабарлайды және Сізді осыған қатысуға шақырады.

Тауар (жұмыстар немесе қызмет көрсетулер) (тауар жеткізілетін, жұмыстар мен қызмет көрсетілетін орын) жеткізілуге (орындалуға) тиіс.

талап етілетін жеткізілім (орындау) мерзімі: _____

Конкурсқа "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабында айтылған біліктілік талаптарына жауап беретін барлық ықтимал өнім берушілер (немесе тек қана отандық ықтимал өнім берушілер - бұл шектеулер елде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің бәсекелестік нарығы болған жағдайда көрсетіледі) жіберіледі.

(Егер бар болса, ықтимал өнім берушілерге қойылатын қосымша талаптар көрсетілсін)

Конкурстық құжаттаманы _____ ж. " _____ " _____ дейінгі мерзімде мына мекен-жай бойынша _____ N _____ бөлмеде, сағат __ ден дейін алуға болады.

Конкурстық құжаттама бумасының бағасы _____ теңгені құрайды (төлем көзделмесе аталған азатжол алынып тасталсын).

Конкурсқа қатысуға берілетін конкурстық өтінімдерді ықтимал өнім берушілер конвертке салып, желімдеп, (конкурсты ұйымдастырушының атауы көрсетілсін) мына мекен-жай бойынша (толық мекен-жай, бөлме N көрсетілсін) ұ с ы н а д ы .

Конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі (күні, айы, жылы көрсетілсін) д е й і н .

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер конкурстық өтінімдер берген барлық қатысуға келген ықтимал өнім берушілердің қатысуымен (күні, айы, жылы, уақыты көрсетілсін) мына мекен-жай бойынша: (толық мекен-жай, бөлме көрсетілсін) а ш ы л а д ы .

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон (телефонның нөмірі көрсетілсін) арқылы алуға болады.

Сатып алу хаттамасының нысаны

(бір көзден тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекетті сатып алуды жүзеге асыру кезінде жасалады)

(Тапсырысшының тұратын жері және отырыстың күні, айы, жылы)

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін (тауардың атауы, жұмыстардың , қызмет көрсетулердің түрі көрсетілсін) Тапсырысшы - (тапсырысшының атауы) уәкілетті органның келісімі бойынша - (уәкілетті органның атауы)

Ш е ш т і :

1. Бір көзден мемлекеттік сатып алу әдісі (бір көзден мемлекеттік сатып алу әдісін қолдану негіздемесі баяндалсын) байланысты қолданылсын.

2. (Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын өнім берушінің атауы және тұратын жері көрсетілсін) жалпы сомасы (мемлекеттік сатып алу туралы шарттың бағасы көрсетілсін) мемлекеттік сатып алу туралы (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер қысқаша жазылсын) шарт жасалсын.

Басшының қолы, тегі, аты, әкесінің аты және Тапсырысшының деректемелері

М.О.

Басшының қолы, тегі, аты, әкесінің аты және Өнім берушінің деректемелері

М.О.